

# Әлихан Бөкейхан атындағы №76 мектеп-лицейі

---

---

Қашықтан оқытуды ұйымдастыру туралы оқушыға  
және ата-анаға нұсқаулық

**6 сәуірде төртінші тоқсанды жаңа форматта  
бастаймыз.**



**Баршаңызға сәттілік! Біз біргеміз!**

---

---

## Қашықтан оқытудың түрлері:

**1. TV сабақ** - телеарнада берілетін сабақтар.

**2. Қашықтан оқу (ҚО)** - интернет платформада мұғалім жүктеген жоспар немесе маршруттық парақ бойынша өтетін сабақ. Нақты бір уақытта оқу міндеттелмейді, оқушыға ыңғайлы уақытта оқуына болады. 1-4 сыныптар Kundelik.kz , 5-11 сыныптар Google classroom арқылы оқиды.

**3. Топтық кеңес беру, білімді толықтыру** – аптасына бір рет сынып оқушылары мен пән мұғалімдерінің ортақ конференциясы.



Ø Оқу процесі үшінші тоқсандағы сабақ кестесімен өтеді.

Ø Сабақ кестесіндегі пәндер бойынша ресурстар (сабақ жоспары, оқу тапсырмалары, т.б.) сол күнгі сағат 8.30-ға дейін жүктеледі.

**Ø Кестедегі сабақтарды оқушы өзіне ыңғайлы уақытта оқиды.**

Ø Нақты сол күнгі сабақ кестесіндегі пәннің мұғалімдері сол күні оқушыларға кері байланыс беру, бағалау уақыты белгіленген:

**9.00-12.00 мұғалім интернет арқылы қолжетімді (кері байланыс, бағалау)**

**12.00-15.00 техникалық үзіліс**

**15.00-17.00 мұғалім интернет арқылы қолжетімді (кері байланыс, бағалау)**

**17.00-19.00 мұғалім үшін әдістемелік уақыт (жоспарлар, оқу тапсырмаларын, ресурстар әзірлеу, жүйеге жүктеу)**

- Ø Мұғалімнің уақытындағы кесте оқушыға арналған шектеу емес. Егер, ағымдағы күні сабақты кешкі уақытта оқыса немесе көрсетілген уақытта мұғалімнен кері байланыс алмаса, алаңдамаңыздар. Мұғалім келесі күні де кері байланыс береді немесе бағалайды.

Мысалы, сабақ кестесінде «жаратылыстану» пәні дүйсенбі мен сәрсенбіде болса сол күндері «жаратылыстану» пәнінен сабақ беретін мұғалім жоғарыдағы уақытта интернет арқылы кері байланыс, бағалауды іске асырады. Егер, дүйсенбіде оқушы сабақты кеш оқып, мұғалімге кері байланысқа шығып үлгермесе, таңдалған интернет платформада жүктеуге немесе жазуына болады. Мұғалім кері байланысты сәрсенбіде береді. Оқушының тапсырманы тек сол күні орындауы қатаң талап етілмейді. Дегенмен мамырдың алғашқы онкүндігінде өтетін ЖБ кедергі болмау оқушы жауапкершілікпен қарағаны маңызды.

- Ø ҚО сабақты бекітуге арналған практикалық тапсырмаларды барлық оқушы мұғалімге қайта жіберуге міндетті емес. Өзінің жауабына сенімсіздік болғанда және нақты сұрақ туындаған жағдайда мұғалімге кері байланысқа шығады.
- Ø Оқушылар Kundelik.kz арқылы берілген үй тапсырмасын орындап, мұғалімге Kundelik.kz арқылы жібереді. Үй тапсырмасы нақты пән бойынша келесі сабаққа дейін орындалса жеткілікті (сол тәуліктің ішінде деген талап болмайды).
- Ø 1-11 сыныптардың барлық пәндерінен үй тапсырмасы Kundelik.kz жүйесіне сабақ басталғанша жүктеледі.**
- Ø Музыка, көркем еңбек, дене шынықтыру, өзін-өзі тану, АӘТД пәндері мен факультативті курстар бойынша шағын нұсқаулық, тапсырма, бейнежазба, т.б, мұғалім Kundelik.kz жүйесіне жүктеп қояды. Оқушы өзіне ыңғайлы уақытта орындайды. Бұл пәндерде үй тапсырмасын мұғалімге қайта жіберу қажет емес.
- Ø Үй тапсырмасының нормасы сақталады.

Ø Ауырып жатқан оқушы, басқа себеппен ұзақ уақыт сабаққа қатыса алмаған оқушылар жөнінде сынып жетекшісіне ескертіп отырсаңыздар.

Ø Егер оқушылардың білімді меңгеруінде қиындықтар болып жатса қобалжымаңыздар: Карантиннен кейін қалыпты оқу режиміне сенбі күндері немесе басқа да кестелер қойып оқушыларға тегін қосымша сабақтар ұйымдастырамыз. Сондай-ақ, 25 мамыр-10 маусым, 20-30 тамыз аралықтарында негізгі пәндер бойынша тегін жазғы мектеп ұйымдастырылады. Жазғы мектепке оқушы ерікті түрде қатысады. Биылғы бағдарламаны толық меңгеруге бар мүмкіндікті қарастырамыз.

Ø Ерекше қажеттіліктері бар және үйден оқытылатын оқушыларға жеке кесте жасалады.

Ø Аптасына бір рет сынып оқушылары мен пән мұғалімдерінің рефлексиялық, консультациялық конференциясы жоспарланады. Бұл конференцияны қай қосымшамен өткізетінін сынып жетекшісі ата-аналармен бірлесіп таңдайды (YouTube, google hangouts meet, zoom, Skype , тб). Конференция кестесін де сын жетекшісі пән мұғалімдерімен келісе отырып жоспарлайды. Конференция ұзақтығы 40 минуттан аспайды. Конференцияға оқушы өзінің қажеттілігіне сай қатысады.

Ø Ата-аналар оқушының қашықтан білім алуына сенім артып, жағымды қолдау көрсетуі тиіс.

Мектеп-лицей сайтында <http://school-lyceum76.kz/> қашықтан оқу бойынша (Педагогикалық процесс---Қашықтан оқыту) арнайы парақша ашылды. Сол жерде мектепшілік үйлестіру тобының байланыс телефондары көрсетілген. Аталған парақшада арнайы нұсқаулықтар да қолжетімді.

**БІЗ СІЗДЕРДІ ЖАН-ЖАҚТЫ ҚОЛДАУҒА ДАЙЫНБЫЗ! БІЗ БІРГЕМІЗ!  
СҮЙІКТІ МЕКТЕП ҚАБЫРҒАСЫНДА АМАНДЫҚТА ҚАУЫШАЙЫҚ!**

